

EGEMEN – 100

РҰНАНИ ЖАҢҒЫРҰ

ҚОҒАМ

РҰНАНИАТ

ҒАСЫРЛЫҚ
ТАРИХ ТАРАЗЫЛАНДЫ

ТАҢБАЛАР ӘЛЕМІНДЕГІ
МӘДЕНИ ЖАРЫЛЫС

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ
БАҚЫЛАУДА МА?

ГИЛЬГАМЕШ

5-бет

7-бет

8-бет

14-бет

Өңіраралық интеграцияны дамыту жаңа мүмкіндіктерге жол ашады

Қазақстан-Ресей шекаралас өңірлері ынтымақтастығының XVI форумы екі ел президенттерінің қатысуымен қорытындыланды

Қазақстан мен Ресей арасындағы XVI өңіраралық ынтымақтастық форумына қатысу үшін Омбыға келген Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинмен кездесті. Мемлекеттер басшылары екі жақты қатынастарды дамытудың перспективалары мен өңірлік деңгейдегі ықпалдастықтың өзекті мәселелерін талқылады.

Еркежан АЙТҚАЗЫ,
«Egemen Qazaqstan» –
Омбыдан (Ресей)

Мақсат – өңіраралық хәм еларалық байланысты бекемдеу

Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлылық танытқаны үшін Владимир Путинге ризашылық білдіріп, форумның тиімділігі мен табыстылығын атап өтті.

– 2003 жылы Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Сіздің күш-жігеріңіздің арқасында Омбыда өңіраралық деңгейдегі алғашқы кездесу өтті. Бұл механизм толықтай іске қосылып, өңірлер ықпалдастығының тиімді құралы ретінде өзін дәлелдеді. Екі елдің аймақтары арасындағы сауда көлемінің артып келе жатқаны өте маңызды. Біз өнеркәсіп кооперациясында, ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықта зор табыстарға қол жеткіздік. Сондықтан ауқымды



жұмыс атқарылды деп ойлаймын, – деді Қазақстан Президенті.

Владимир Путин Ресей мен Қазақстанның арасын байланыстыратын дәстүрлі форумның маңызды екенін айтты.

– Елдеріміздің арасындағы қарым-

қатынастар табысты дамып келеді. Былтыр тауар айналымы 14 пайыздан асты. Инвестиция көлемі ұлғая түсті. Біз тұрақты түрде кездесіп отырамыз. Дегенмен ерекше назар аударатын мәселелер әрқашан табылады, – деді Ресей Президенті.

Президенттер арасындағы әңгіме пленарлық отырыста өңірлер мен облыстардың басшылары, салалық мемлекеттік органдар мен екі елдің іскер топтары өкілдерінің қатысуымен жалғасты.

Қазақстан Президенті алдымен форумды ұйымдастырған Ресей тарапына алғысын білдіріп, бұл дәстүрді игі бастама деп атады.

(Соңы 2-бетте)

